

6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін орындалған Мусинова Гүлмира Сұлтанғазықызының «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясына

### ПІКІР

Еліміздің тарихындағы ең қайғылы парактардың бірі – Семей ядролық сынақ полигонының өмірге келуі. Семей сынақ полигоны – құпиясы мол, тарихы толық зерттеліп бітпеген қасірет. Тарихтың қойнауына еніп, өткеннің еншісіне айналған «қазынаны» табу, іздеу-қазу жұмыстары әрдайым қажырлықты, табандылықты, іздемпаздықты қажет етеді.

Соңғы сынақтардан бері талай жылдар өтсе де, Семей сынақ полигонының белдемі күні бүгінге дейін экологиялық қауіпті аудан болып есептеледі.

Семей полигонының қазақ жеріне тигізген ауыр зардаптары мен халыққа тигізген нәубеті, жалпы полигон тақырыбы әр салада зерттеліп жазылды, баспасөз беттерінде де жарық көрді. Алайда, көркем әдебиеттегі полигон тақырыбы диссертациялық деңгейде зерттелмеді.

Пікір білдіріп отырған жұмыста ізденуші Семей ядролық сынақ полигоны туралы жазылған көркем шығармаларды алғаш рет жүйелеп, ғылыми айналымға енгізіп, әдебиеттану ғылымында Семей қасіреті тақырыбын жаңаша пайымдай білген.

Г.С. Мусинова зерттеу тақырыбы бойынша мол материал жинай алған, әрі жиналған материалды ғылыми жұмысты жазу барысында сұрыптап, екшеп қолдана білген.

Диссертациялық жұмыс екі тараудан тұрады. Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер мен әдеби процесс бір тарауға топтастырған. Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көріністеріне мейілінше тоқтала отырып, әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабына жіті мән бергендігін байқауға болады.

Екінші тарау Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретацияға арналған. Қазақ поэзиясы, прозасы және драмалық шығармаларында көрініс тапқан Семей қасіреті мәселеріне баға бере келе, әдеби-тарихи факторларды ашып, жан-жақты талдауда біршама тер төккен.

Докторант Г.С. Мусинованың тақырыбына деген зор қызығушылығы, ерекше сүйіспеншілігі байыпты да, байсалды зерттеудің дүниеге келуіне әсер етті деп ойлаймын. Аталмыш жұмыс бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан қазақ әдебиеті мен полигон тарихына қатысты, өзіндік ғылыми жаңалығы бар еңбек деп білемін.

Қорыта келе, диссертациялық жұмыс Семей ядролық сынақ полигонын зерттеуге қосқан қомақты үлес, кең ауқымды және күрделі зерттеулердің бастамасы. Сондықтан, диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынып, Мусинова Гүлмира Сұлтанғазықызы 6D020500 - «Филология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Филология ғылымдарының докторы**

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу**

**университеті ФДББ профессоры**



**М.М.Имангазинов**